

**«Қазақстан тарихы»  
тапсырмалар жинағы**

**6-сынып**

**I тоқсан**

|                    |                                                                                                   |
|--------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Бөлім</b>       | VI – IX ғасырлардағы Қазақстан                                                                    |
| <b>Тақырып</b>     | Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер                                         |
| <b>Оқу мақсаты</b> | 6.3.1.1 Оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау |

|                          |                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Бағалау критерийі</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Түрік қағанатының құрылуының басты оқиғаларын ажыратады</li> <li>Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңыздылығын анықтайды</li> </ul> |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Білу және түсіну

### Тапсырма

Кестедегі сұрақтарға жауап беріңіз.

|                                           |  |
|-------------------------------------------|--|
| «Теле» сөзінің мағынасы қандай?           |  |
| Түрік қағанатының құрылған жылы қандай?   |  |
| Түрік қағанатын құрған қаған кім?         |  |
| Түрік қағанатының қай жылы екіге бөлінді? |  |

Мемлекетті күшейтудегі қызметін сипаттап, сөйлемдерді жалғастырыңыз.

Мен, Бумын қаған ...

Мен, Шегу қаған ...

Мен, Білге қаған ...

Мен, Мұқан қаған ...

**Дескриптор** *Білім алушы*

- Теле сөзінің мағынасын анықтайды;
- Түрік қағанатының құрылған жылын анықтайды;
- Түрік қағанатын құрған қағанды анықтайды;
- Түрік қағанатының екіге бөлінген жылын анықтайды;
- Бумын қағанның түрік қағанатын нығайтудағы ролін анықтайды;
- Шегу қағанның түрік қағанатын нығайтудағы ролін анықтайды;
- Білге қағанның түрік қағанатын нығайтудағы ролін анықтайды;
- Мұқан қағанның мемлекетті нығайтудағы ролін анықтайды.

|                                   |                                                                                                                                       |
|-----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер                                                                                   |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.2.2 Ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау                                                        |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Түркі қағанатының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                                      |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                       |

Мәтінге және өз біліміңізге сүйеніп, Түрік қағанатының сыртқы саясатындағы әр бағытының маңыздылығын сипаттап кестеге толтырып жазыңыз.

Түріктер әрісі Бумын, берісі Мұқан қағанның тұсында жужандарды бас көтерместей етіп жеңді. Түріктер өз биліктерін батыс бағытта да жүргізе бастайды. Осы жорықта Бумын қағанның інісі Иштеми 10 түмен әскерді басқарды. Ол күшпен ху елін (соғдылықтарды) жаулап алуға аттанды. Алтайдың теріскейіндегі тайпаларды бағындырды. Түріктер 555 жылдың өзінде Арал теңізіне дейін жеткен және жол бойы ешбір тегеурінді қарсылық көрмеген. Түріктер Орта Азияның ішкі аумақтарына қарай жасаған жорықтарында эфталиттерден қатты қарсылық көріп, жорықтарын уақытша тоқтатуға мәжбүр болған. Оларды он жылдан кейін, 563-567 жылдары жаулап алды. 581 жылы (Тобо қаған қаза болғаннан кейін) қағанат ішінде өзара соғыс басталды.


| <i>Шығыста</i>                                                                       | <i>Батыста</i> |
|--------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
|                                                                                      |                |
| <i>Түрік қағанатының сыртқы саясатында маңызды рөл атқарған бағыттарды атаңыз. .</i> |                |
|                                                                                      |                |
|                                                                                      |                |
|                                                                                      |                |
|                                                                                      |                |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білімалушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Түріктердің шығыс бағытта жүргізген саясатын атайды;</li> <li>Түріктердің батыста жүргізген саясатын атайды;</li> <li>Түрік қағанатының сыртқы саясатында маңызды рөл атқарған бағыттарды анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер                                                                                                                   |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.2.1.3 Тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану                                                                    |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>«Ұлы Дала Елі» ұғымын қолданып, тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                                                                               |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                                                       |

«Ұлы Дала Елі» ұғымының мағынасын ашыңыз.

Ежелгі Қазақстан мен Орта ғасырлардағы Қазақстан картасын салыстырып, қандай өзгерістер орын алғандығын сипаттаңыз.



Ежелгі Қазақстан картасы Орта ғасырдағы Қазақстан картасы

**Дескриптор** *Білім алушы*

- «Ұлы Дала Елі» ұғымының мағынасын ашады;
- территориялық өзгерістерді анықтайды;
- мемлекеттер арасындағы сабақтастықты анықтайды.

|                                   |                                                                                                              |
|-----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Көне түркі жазуы                                                                                             |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.2.3.1 Көне түркі жазуының маңызын түсіндіру                                                                |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Көне түркі жазуының маңызын түсіндіреді</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                      |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                              |

1. Суретті негізге ала отырып, сұрақтарға жауап беріңіз

|                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Руна жазуы ұғымы қандай мағына береді?</li> <li>2. Орхон – Енисей ескерткіштерінен қандай мәліметтер алуға болады?</li> <li>3. Неліктен зерттеушілерді түркі жазулары қызықтырады?</li> </ol> |
|------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

2. Көне түркі жазуының маңыздылығын анықтаңыз.

|                                                                                                        |            |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1. Көне түріктер руна жазуын құлыптастарға, тұрмыстық заттарға, қолжазбалар, хаттар әзірлеуде қолданды | Себебі ... |
| 2. Көне түрік жазуы түріктердің саяси тарихы туралы ақпараттар береді                                  | Себебі ... |
| 3. Көне түрік жазуы түріктердің мәдениетін көрсетеді                                                   | Себебі ... |
| 4. Көне түрік жазуы түріктердің дүниетанымдық ерекшеліктерін сипаттайды                                | Себебі ... |

**Дескриптор** *Білім алушы*

- Руна жазулар ұғымын анықтайды;
- Орхон – Енисей ескерткіштеріндегі мәліметті саралайды;
- зерттеушілердің түркі жазуына қызығуының себептерін көрсетеді;
- көне түріктер руна жазуын құлыптастарға, тұрмыстық заттарға, қолжазбалар, хаттар әзірлеуде қолдануын түсіндіреді;
- көне түрік жазуы түріктердің саяси тарихы туралы ақпараттар беретіндігін түсіндіреді;
- көне түрік жазуы түріктердің мәдениетін, сауаттылығын көрсететіндігін түсіндіреді;
- көне түрік жазуы түріктердің дүниетанымдық ерекшеліктерін көрсететіндігін түсіндіреді.

|                                   |                                                                                                               |
|-----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Атлах шайқасы                                                                                                 |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау                                                                |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Атлах шайқасының тарихи маңызын талдайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Жоғары деңгей дағдылары                                                                                       |

### Тапсырма

Мәтінмен танысып сұрақтарға жауап беріңіз

#### *Араб шапқыншылығы және Саманидтер тұсындағы Түркістан*

VIII ғасырдың 30-жылдары арабтар Сырдария түбінде түріктерді талқандады. Бұл көшпелі түрік империясының ыдырауына әкелді. 751 жылы Талас түбінде араб әскерлері қытай әскерлерін жеңді. Талас түбіндегі шайқас Түркістанда мұсылман немесе қытай мәдениеті үстемдігі орнауы мәселесін шешті.

Арабтар тұтқынға алынған қытайлықтардан қағаз жасауды үйреніп, бүкіл әлемге таратты. Арабтар батыстан Түркістанға мата өндірісін әкелді.

Парсылар Түркістанға келіп қоныстана бастады, соғды тілінің жойылуы осыған байланысты болса керек. Парсылар өңірде қала мәдениеті мен өндірістің дамуына ықпал етті.

Атлах шайқасының қытайлықтар үшін маңызы қандай болды?

---

Атлах шайқасының арабтар үшін маңызы қандай болды?

---


Атлах шайқасының түріктер үшін маңызы қандай болды?

---

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Атлах шайқасының қытайлықтар үшін маңыздылығын анықтайды;</li> <li>Атлах шайқасының арабтар үшін маңыздылығын анықтайды;</li> <li>Атлах шайқасының түріктер үшін маңыздылығын анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                        |
|-----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Түркі әлемі қалыптасуының басталуы                                                                                     |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.2.1 Тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру                 |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Түркі халықтарының миграциясына түсіндірме береді</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                                |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                        |

Төмендегі суретті пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.



- Бұл қандай процесс?
- Бұл процесте Ежелгі Қазақстан мен ерте орта ғасырлық мемлекеттер арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

---



---



---



---



---




---

|                   |                                                                                                                                                                                                          |
|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>суреттегі оқиғаның атауын атайды;</li> <li>суреттегі оқиғаның Ежелгі Қазақстан мен ерте орта ғасырлық арасындағы байланысын атайды.</li> </ul> |
|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                                  |
|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Түркі әлемі қалыптасуының басталуы                                                                                               |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.1.1.1 Түркі тілдес тайпаларды атап, олардың картада территориялық орналасуын көрсету                                           |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Түркі тілдес тайпалардың территориялық орналасуын көрсетеді</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                                          |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                  |

Төменде берілген тайпалардың орналасуын, көші-қон бағыттарын стикер қолдана отырып картада белгілеңіз.

- ✓ *ғұн тайпаларының миграциясы*
- ✓ *түркі тайпаларының миграциясы*
- ✓ *оғыз-қимақ тайпаларының миграциясы*
- ✓ *қыпшақ тайпаларының миграциясы*




|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғұн тайпаларының миграциясын картадан көрсетеді;</li> <li>- түркі тайпаларының миграциясын картадан көрсетеді;</li> <li>- оғыз-қимақ тайпаларының миграциясын картадан көрсетеді;</li> <li>- қыпшақ тайпаларының миграциясын картадан көрсетеді.</li> </ul> |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



## II тоқсан

|                                   |                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Бөлім</b>                      | X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан                                                                                                            |
| <b>Тақырып</b>                    | X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер                                                                                |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.1.3 Xғасыр - XIIIғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау               |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттердің ерекшеліктерін анықтайды</li> <li>Мемлекеттерді салыстырады</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                                                                |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                                        |

1. Дамыған ортағасырлық мемлекеттердің атаулары мен хронологиялық шеңберін тірек-сызбада анықтаңыз.



2. Картамен жұмыс.
  - Дамыған ортағасырлық мемлекеттердің алып жатқан аумағын, көршілес мемлекеттерін, астаналарын картаға түсіріңіз.
  - Дамыған орта ғасырларда ерте орта ғасырмен салыстырғанда қандай өзгерістер орын алғанын картаны қолданып сипаттаңыз.



|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– X-XIII ғғ. өмір сүрген мемлекеттердің атауын, хронологиялық шеңберін атайды;</li> <li>– X-XIII ғғ. өмір сүрген мемлекеттерді, олардың астаналарын картаға белгілейді;</li> <li>– дамыған орта ғасыр мен ерте орта ғасыр аралығындағы өзгерістерді анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                                         |
|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қарахан мемлекеті                                                                                                                       |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.1.3 Хғасыр –XIIIғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттердің ерекшеліктерін анықтайды</li> </ul>                            |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                                        |

### Тапсырма

Тұжырымдарға мағынасына қарай атау беріңіз.

|                                                                                     |                                                                                                                                                                       |
|-------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | • Ең жоғары билеуші титулы                                                                                                                                            |
|    | • Қағанның мемлекеттік саяси-әкімшілік іс жүргізетін жері                                                                                                             |
|   | • Олар үлесті жерлердің билеушілері болды. Қағандар тәрізді олардың өз әкімшілік орталықтары қызметін атқарған сарайлары және тұрақты ставкалары (ордалары) болды     |
|  | • Ол әрі көмекші, әрі кеңесші болып саналады                                                                                                                          |
|  | • Тәртіп сақталуын қадағалады, оларға сот үкімдерінің және әдеттегі құқық нормаларының (тору) орын алуын бақылау міндеттелді, шекараларды қорғау да соларға жүктелді. |

✓ -----

✓ -----

✓ -----

✓ -----

✓ -----

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>ең жоғарғы билеуші титулын анықтайды;</li> <li>қағанның мемлекеттік саяси-әкімшілікті жүргізген жерін атайды;</li> <li>жер үлестерінің билеушілерін атайды;</li> <li>көмекші, әрі кеңесші қызметін атқарған лауазым иелерін көрсетеді;</li> <li>мемлекеттегі тәртіптің сақталуын қадағалаушы лауазымын атайды.</li> </ul> |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                       |
|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қарахан мемлекеті                                                                                                     |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.2.1.2 Ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау                                                                 |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ислам дінінің қоғамына тигізген әсерін көрсетеді</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                      |

### Тапсырма

Көмекші сөздер мен өз біліміне сүйене отырып, Қарахан мемлекетінің исламды қабылдау себебін және қоғамға енген өзгерістерді анықтап, тиісті салаға топтаңыз.

**Көмекші сөздер:** *Ел ішіндегі жағдай, сыртқы саяси жағдай, араб жазуы, вакфтық жер иелену, билік үшін күрес, монша, кесене, намаз оқу, адам келбетін салуға тыйым салу, Атлах шайқасы, медресе білімі, сәлде орау т.б.*

Мұса ханның ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялауының себептерін көрсетіңіз.

- 1.-----  
-----
- 2.-----  
-----
- 3.-----  
-----

| Ислам дінінің Қарахан мемлекетіне әкелген өзгерісін сипаттаңыз |           |            |          |
|----------------------------------------------------------------|-----------|------------|----------|
| Мемлекеттік басқаруда                                          | Құрылыста | Мәдениетте | Тұрмыста |
|                                                                |           |            |          |


### Дескриптор

*Білім алушы*

- Мұса ханның ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялануына түрткі болған 3 себепті көрсетеді;
- ислам дінінің енуімен мемлекеттік басқару саласында болған өзгерістерді атайды;
- ислам дінінің енуімен келген құрылыс саласындағы жаңалықтарды атайды;
- ислам дінінің енуімен мәдениет саласына келген өзгерістерді атайды;
- ислам дінінің келуімен тұрмыста енген өзгерістерді атайды.

|                                   |                                                                                                                                     |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қарахан мемлекеті                                                                                                                   |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.1.4 Тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру                                       |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қарахан мемлекетіндегі жер иелену түрлеріне түсіндірме жасайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                                             |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                     |

- Қарахан мемлекетіндегі жер иелену мен салық түрлерінің атауына сәйкес мағынасын беріңіз.



|                   |                                                                                                                                                                           |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қарахан мемлекетіндегі жер иеліктерін атайды;</li> <li>Қарахан мемлекетіндегі салық түрлерін атайды.</li> </ul> |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                                                 |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Наймандар, керейіттер және жалайырлар                                                                                                           |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.1.3 X ғасыр –XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау       |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттердің ерекшеліктерін анықтайды</li> <li>Мемлекеттерді салыстырады</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                                                |

### Тапсырма

Әр мемлекетке қатысты мәліметті төмендегі кестеге топтастырыңыз.

|   |                                                                                                                                                                                              |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| a | Тарихшы Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оларды Шыңғысханның қолға түсірген тұтқындары ретінде көрсетеді, олар адал қызметтері арқылы монғолдарға сіңісіп кеткен                              |
| b | Селенгі, Хилок, Орхон өзендері, Қарақорым таулы қыраттарында өмір сүрген                                                                                                                     |
| c | Орхон, Керулен, Селенгі, Аргун өзендерінің бойында тұрған                                                                                                                                    |
| d | Мемлекет Наркеш Дайын кезінде күшейді                                                                                                                                                        |
| e | Халықты өз төңірегіне топтастыра білген Инанч-Білге елді өнерге, күн көріс-тіршілікке баулып, бейбіт өмір салтына тартады                                                                    |
| f | Орталығы Улан-батор қаласы жанындағы Битөбе деген жерде болған                                                                                                                               |
| g | Маркус пен оның баласы Құршақұз кезінде мемлекет шарықтау шегіне жетті                                                                                                                       |
| h | Білге хан қайтыс болғаннан кейін, оның ұлдары Бұйрық пен Даян арасында билік үшін талас басталды                                                                                             |
| i | Жамұқа құрылтай шақырып, өзін гурхан жариялаған                                                                                                                                              |
| j | Шыңғыс ханның құтылу үшін Күшлік Жетісуға қашты                                                                                                                                              |
| k | Рашид ад - Дин « Монғол жерінде өмір сүрген ... – күшті дамыған ел.Олар тек Шыңғыс хан әскерінен әлсіреді. Олардың мәдениеті өте жоғары болып, көне түрік жазуларын пайдаланған»- деп жазған |
| l | Шыңғысханның жақын адамы, ақын, шешен, әрі батыр Мұқылай болған                                                                                                                              |

| Наймандар | Керейттер | Жалайырлар |
|-----------|-----------|------------|
|           |           |            |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Найман мемлекетіне қатысты мәліметті табады;</li> <li>Керейіт мемлекетіне қатысты мәліметті табады;</li> <li>Жалайырлар мемлекетіне қатысты мәліметті табады.</li> </ul> |
|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                                           |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қыпшақ хандығы                                                                                                                            |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.1.3 X ғасыр –XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттердің ерекшеліктерін анықтайды</li> </ul>                              |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                                          |

### Тапсырма

Кестедегі ақпарат «ақиқат» болса «+», «жалған» ақпарат болса «-» белгісін қойыңыз.

|   |                                                                                                                                                                                                                                                 |  |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 1 | Қыпшақ хандығы IX-XI ғасырларда қазіргі қазақ жерінде өмір сүрген мемлекеттік бірлестік. Қарахан мемлекеті ыдырағаннан кейін әскери-саяси билік қыпшақ ақсүйектерінің қолына көшкен                                                             |  |
| 2 | Әскери-әкімшілік жағынан Қыпшақ хандығы оң және сол қанат болып бөлінді. Оң қанаттың ордасы Еділ өзені бойындағы Ахтуба қаласы болса, сол қанаттың орталығы Сырдария бойындағы Сауран қаласында орналасты                                       |  |
| 3 | Қыпшақ қоғамы әлеуметтік және сословиелік жағынан тең болған жоқ. Негізгі теңсіздік малға жеке меншік еді. Жылқы басты байлық саналды                                                                                                           |  |
| 4 | Қыпшақ қоғамы «ұлы князь», «князь», «бояр», деген ақсүйектер енген қатал иерархиялық жүйеден тұрған                                                                                                                                             |  |
| 5 | Қыпшақ мемлекетінде қарапайым адамдарды «ерлер» деп атады. Олар заң жүзінде ерікті болғанымен іс жүзінде үстем тап өкілдеріне тәуелді болды. Малы жоқ кедейлер жатақтар деп аталып, олар ханның немесе үстем тап өкілдерінің тәуелдігіне түскен |  |
| 6 | Қыпшақ қоғамының төменгі тобында малы аз шаруалар мен құлдар болды. Қолға түскен тұтқындар құлға айналдырылып, олардың ешқандай құқы болмаған. Құлдар Орта Азия, Шығыс елдеріне құлдыққа сатылып отырған                                        |  |
| 7 | 965 жылы Қыпшақ ханы мен Киев князі Святославтың арасында хазарларға қарсы бағытталған әскери одақ жасалды. Мұның нәтижесінде Хазар қағанаты талқандалды                                                                                        |  |
| 8 | XI ғасырдың орта кезінен бастап қыпшақтар қазіргі Волгадан (Еділден) батысқа қарай жылжыды, олардың территориясы шығыс Еуропа елдерімен, орыс княздіктерімен, Византиямен, Венгриямен шектесті                                                  |  |

**Дескриптор** *Білім алушы*

- 1- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 2- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 3- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 4- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 5- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 6- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 7- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді;
- 8- ақпараттың «ақиқат» не «жалғандығын» көрсетеді.

|                                   |                                                                                                            |
|-----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қыпшақ хандығы                                                                                             |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.2.4 Қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау                                                     |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қыпшақтардың Еуразиядағы орнын атайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                    |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                            |

Кестені толтырыңыз.

| <i>Қыпшақтар қарым-қатынас орнатқан елдер</i> | <i>қарым-қатынас түрлері</i> |
|-----------------------------------------------|------------------------------|
| Киев Русі                                     |                              |
| Хорезмшах мемлекеті                           |                              |
| Венгрия                                       |                              |
| Еуропа елдері                                 |                              |
| Египет                                        |                              |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қыпшақтардың Киев Русімен қарым - қатынасын сипаттайды;</li> <li>– Қыпшақтардың Хорезмшах мемлекетімен қарым - қатынасын сипаттайды;</li> <li>– Қыпшақтардың Венгриямен қарым - қатынасын сипаттайды;</li> <li>– Қыпшақтардың Еуропа елдерімен қарым - қатынасын сипаттайды;</li> <li>– Қыпшақтардың Египетпен қарым - қатынасын сипаттайды.</li> </ul> |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                                           |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі                                                                              |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау                                                              |
| <b>Бағалау критеріі</b>           | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ұлы Жібек жолының саяси, экономикалық, мәдени рөлін анықтайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Қолдану                                                                                                                                   |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                           |

Кадрларға бөлінген мәтінді сөйлемдер ретімен құрастырыңыз және берілген сұраққа жауап беріңіз.

|   |                                                                                                                                                                              |   |                                                                                                                                                                                                                                                        |   |                                                                                                                                                                        |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Иран шахы Түрік қағанатына 40 мың алтын динар салық төлеп тұруға міндеттеледі                                                                                                | 2 | Византияға баратын жолды бақылап отырған Иран шахы елінің қауіпсіздігі үшін бұған наразылық білдірді.568 жылы Иран елімен келісімге келе алмаған түрік қағаны Естеми соғды көпесі Маниахтың басшылығымен түрік елшілігін Константинопольге аттандырады | 3 | Елшіліктің ізінше жібек артқан сауда керуендері батысқа ағылса, Қытайға Византия, Кавказ, Орта Азия елдерінен тауарлар әкеліне бастады                                 |
| 4 | Уақыт өте Византияның соғысқа кірісу ниеті болмағандығын сезген Естеми қаған 571 жылы Иранмен келісімге қол қойып, екі ел арасындағы шекара болып Әмудария өзені белгіленеді | 5 | Б.з.б. 138 жылы аттанған қытай елшілігі көптеген қызықты әрі қауіпті оқиғаларға тап болып, өз еліне тек 13 жылдан кейін оралған                                                                                                                        | 6 | Византия мен Түрік қағанатының арасында әскери одақ құрылып, сауда келісімі жасалады. Византия императоры түріктерге жауап ретінде Земарх басқарған елшілікті жібереді |
| 7 | Елшілік Сырдария жағалауларынан Тянь-Шань таулы етегіне қарай төменгі бағытта Талас аңғарындағы қаған ордасына келді. Екі ел арасында сауда және әскери                      | 8 | Ежелгі түріктер Ұлы Жібек жолының бір бөлігін бақылай отырып, қытай жібегін Византияға тиімді жолмен сатуға тырысты                                                                                                                                    | 9 | Жібек жолы бөліктерінің біріктіріліп, тұтас желіге айналуы Қытай елшісі Чжан-Цзянь есімімен тығыз байланысты. Қытай императоры                                         |



|                                  |  |                                                                                                           |
|----------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| одақ құру келісімі<br>бекітіледі |  | У-Ди елшіге жүз<br>адамдық керуенді<br>бастап батыстың<br>беймәлім елдеріне<br>сапар жасауды<br>тапсырады |
|                                  |  |                                                                                                           |

*Сұрақтар:*

- Түріктер қытай жібегін қай елге тиімді жолмен сатуға тырысты?
- Византиямен Түрік қағанаты қандай келісім жасады?
- Византия елшілігі қаған ордасына қандай жолмен келді?
- Естеми қаған қашан және неліктен Иранмен келісімге қол қойды?
- Иран Түрік қағанатына салықты қалай төледі?

**Дескриптор**

*Білім алушы*

- Кадрларға бөлінген мәтінді сөйлемдер ретімен құрастырады;
- Түріктер қытай жібегін қай елге тиімді жолмен сатуға тырысқанын көрсетеді;
- Византиямен Түрік қағанаты қандай келісім жасағанын көрсетеді;
- Византия елшілігі қаған ордасына қандай жолмен келгенін көрсетеді;
- Естеми қаған қашан және неліктен Иранмен келісімге қол қойғанын анықтайды;
- Иран Түрік қағанатына салықты қалай төлегенін сипаттайды.

|                                   |                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы                                                                |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.4.1.1 Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау                                                             |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды атайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                                                   |
| <b>Тапсырма</b>                   |                                                                                                                                                    |

Төменде ұсынылған деректі оқып, көшпенділер мен отырықшылардың сауда-саттық үшін өндіретін бұйымдарын анықтап, төмендегі кестеге жазыңыз.

Көшпенділер егіншілердің өніміне мұқтаж болса, ал отырықшылардың өндірісі көшпенділер сұранысымен анықталды. Көптеген қолөнер кәсіпшілігі ауыл шаруашылық шикізатын өңдеумен байланысты болды. Қолжазбалар Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византиямен, Иранмен, Орта Азиямен, Кавказбен, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғанын дәлелдейді. Орта Азиядан әйнек, әр түрлі бағалы заттар, қолданбалы өнер бұйымдары, ал Қытайдан – жібек, қыш әкелінді. Сыртқа мал және мал шаруашылығының өнімдерін, сондай-ақ, ер-тоқымдар, садақ, қорамсақ, маталар, темір мен семсер шығарды. Қала халқы жылқы, ірі қара малын, жүн, шикізат, тері, киіз, сүт өнімдерін сатып алатын болса, көшпенділер есесіне мата, нан, ыдыс-аяқтар алды. Сөйтіп, XI-XII ғасырларда тауар-ақша қатынастарының дамуы заттай (натуралды) айырбасты ығыстырды.

*Отырықшылар тауарлары*

*Көшпелілер тауарлары*

|  |  |
|--|--|
|  |  |
|  |  |
|  |  |
|  |  |
|  |  |
|  |  |

|                   |                                                                                                                                                              |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Отырықшылардың басты тауарларын жазады;</li> <li>Көшпелілердің басты тауарларын жазады.</li> </ul> |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### III тоқсан

#### Бөлім: XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан

|                   |                                                                                                                                                                    |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тақырып           | Моңғол империясының құрылуы                                                                                                                                        |
| Оқу мақсаты       | 6.3.1.6 Картаны қолдану арқылы XIII–XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру                                                                    |
| Бағалау критерийі | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>• Карталарды қолданып XIII–XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерге түсіндірме жасайды</li></ul> |

Ойлау дағдыларының деңгейлері Қолдану

#### Тапсырма

1. «XIII ғасырдың басындағы әлем» және «XIII ғасырдың аяғындағы әлем» карталарының мәліметтерін қолданып, ыдыраған және құрылған мемлекеттерді анықтаңыз.

1 – карта. XIII ғ басындағы әлем

2 – карта. XIII ғ аяғындағы әлем



#### Дескриптор

*Білім алушы*

- карта мәліметтерін қолданып, XIII ғасырдың басында Орталық Азияда өмір сүрген мемлекеттерді сипаттайды;
- картаның мәліметтерін қолданып, XIII ғ аяғында Монғолияда өмір сүрген мемлекеттерді анықтайды;
- Монғол мемлекетінің құрылғанын анықтайды.

#### Тақырып

Моңғол шапқыншылықтарының салдары

#### Оқу мақсаты

6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау

**Бағалау критерийі***Білім алушы*

- Мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын жазады

**Ойлау дағдыларының деңгейлері  
Тапсырма***Білу және түсіну*

XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің дамуындағы өзгерістерді төмендегі кестеге толтырыңыз.


|                       |  |
|-----------------------|--|
| <i>Этноәлеуметтік</i> |  |
| <i>Шаруашылық</i>     |  |
| <i>Территориялық</i>  |  |
| <i>Саяси</i>          |  |

**Дескриптор***Білім алушы*

- XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің құрылымындағы этноәлеуметтік өзгерістерін жазады;
- XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің құрылымындағы шаруашылық өзгерістерін жазады;
- XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің территориялық өзгерістерін жазады;
- XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің саяси өзгерістерін жазады.

|                                      |                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                       | Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы                                                                                                                                    |
| <b>Оқу мақсаты</b>                   | 6.3.1.6 Картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру                                                                           |
| <b>Бағалау критерийі</b>             | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Карталарды қолданып XIII–XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерге түсіндірме жасайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейлері</b> | Қолдану                                                                                                                                                                   |
| <b>Тапсырма</b>                      |                                                                                                                                                                           |

Карта мазмұны мен өз біліміңізге сүйеніп, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында қандай мемлекеттер құрылды?
2. Монғол империясының құрылуы мен ыдырауы нәтижесінде қандай өзгерістер орын алды?

|                   |                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында қандай мемлекеттер құрылғандығын атайды;</li> <li>– Монғол шапқыншылығының Еуразия құрлығына енгізген өзгерістерін анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                      |                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                       | Ақ Орда                                                                                                                                                                   |
| <b>Оқу мақсаты</b>                   | 6.3.1.6 Картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру                                                                           |
| <b>Бағалау критерийі</b>             | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Карталарды қолданып XIII–XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерге түсіндірме жасайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейлері</b> | Қолдану                                                                                                                                                                   |
| <b>Тапсырма</b>                      |                                                                                                                                                                           |

1. Кескін картаға Ақ Орда мемлекетінің территориясын белгілеңіз.



2. Ақ Орда және Алтын Орда мемлекеттерінің жер аумағын анықтаңыз.

| Жошы ұлысы |            |
|------------|------------|
| Ақ Орда    | Алтын Орда |
|            |            |

- А) Жайық өзенінен Батыс Сібір ойпатына дейінгі, Сырдарияның орта және төменгі ағысы аралығы  
 В) Еділ бойы бойы мен Кавказдың терістік жағы  
 С) Шығыс Түркістаннан Ферғана аймағы аралығы  
 D) Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағы  
 F) Солтүстік Қазақстан мен Сібір жазығы

|                   |                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ақ Орда мемлекетінің территориясын кескін картада белгілейді;</li> <li>Ақ Орда мен Алтын Орда мемлекетінің аумағын анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                      |                                                                                                                                                             |
|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                       | ХІІІ- ХV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті                                                                                                                |
| <b>Оқу мақсаты</b>                   | 6.2.2.1 Күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау                                                               |
| <b>Бағалау критерийі</b>             | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын көрсетеді</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейлері</b> | Қолдану                                                                                                                                                     |
| <b>Тапсырма</b>                      |                                                                                                                                                             |

Орта ғасырларда кеңінен тараған жырлар мен олардың авторларын сәйкестендіріңіз.

| № | Авторы         | Шығарманың атауы |
|---|----------------|------------------|
| 1 | Кутб           |                  |
| 2 | Абдрахман Жәми |                  |

|   |                    |
|---|--------------------|
| А | «Жүсіп-Зылиха»     |
| В | «Хұсрау мен Шырын» |

Туындыларды түрлеріне байланысты сәйкестендіріңіз.

| № | Туынды түрлері | Туынды атаулары |
|---|----------------|-----------------|
| 1 | Ертегілер      |                 |
| 2 | Күйлер         |                 |
| 3 | Эпостық жырлар |                 |

Туындылар:  
«Ертарғын», «Құламерген», «Ақсақ құлан», «Орақ Мамай», «Ертөстік», «Ел айырылған»

Күй, аңыз, шежіренің тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын анықтаңыз:

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Кутбтың шығармасын анықтайды;</li> <li>– Абдрахман Жәмидің шығармасын анықтайды;</li> <li>– Туындыларды түрлеріне байланысты сәйкестендіреді;</li> <li>– Күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                      |                                                                                                                              |
|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                       | Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері                                                                     |
| <b>Оқу мақсаты</b>                   | 6.4.1.2 Көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау                                                             |
| <b>Бағалау критерийі</b>             | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>Көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін атайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейлері</b> | Білу және түсіну                                                                                                             |

### Тапсырма

Орта ғасырлық деректердің мәліметтері негізінде, орта ғасырлардағы шаруашылықтың даму деңгейін сипаттаңыз.

*1-мәтін. «Жүретін арба туралы»*

Бұл өңірде жылқыны көп өсіреді және оның құны өте төмен. Бір жылқының құны біздің бір динарға сәйкес келетін 50-60 дирхемнен тұрады. Бұл жылқылар Мысырда акадиш деген атпен танылады. Түріктер соны азық етеді. Бір түрікте бірнеше мың ат болады. Бұл аттарды түркілер Үндістанға апарады, бір керуенде алты мыңнан, кейде одан да көп болады. Бір атты ең арзаны 100 динарға сатады.

*Ибн Баттута*

*2-мәтін. «Шығыс елдеріне саяхат»*

Киіз үйді былай жасайды: тал шыбықтан тоқылған керегені дөңгелек етіп орналастырады. Керегеге тал шыбықтарды (уық) жалғайды. Тал шыбықты дөңгелек ағашқа (шаңырақ..) тағады. Үйлер арбаға орналастырылады. Бір арбаны 22 өгіз тартады. Олар киімдерін Қытайдан алады. Парсы және өзге оңтүстік елдерінен жібек пен алтын материалдарын, жазда киетін киімдерді алады. Руссия, Ұлы Бұлғария, Паскатири, яғни Ұлы Мажарлар, Керкистен және солтүстіктің басқа көптеген елдерінен қымбатты тері бұйымдары әкелінеді. Мұндай заттарды біздің елден ешқашан көрмедім.

*Гильом де Рубрук*

---



---

**Дескриптор** *Білім алушы*

- орта ғасырлық саяхатшылардың Қазақстан тарихына қатысты еңбектеріне сипаттайды.



**Тақырып** Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері

**Оқу мақсаты** 6.2.2.5 Көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

- Көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктеріне сипаттама жасайды

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану

### Тапсырма

Көшпелілердің өнер туындыларына сипаттама беріңіз.

| Қолөнер түрлері | Сипаттама |
|-----------------|-----------|
| Темір ұсталығы  |           |
| Ағаш ұсталығы   |           |
| Зергерлік       |           |
| Киім тігу       |           |

**Дескриптор** *Білім алушы*

- темір ұсталығына сипаттама береді;
- ағаш ұсталығына сипаттама береді;
- зергерлік кәсібіне сипаттама береді;
- киім тігу кәсібіне сипаттама береді.

|                                   |                                                                                                                               |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Бөлім</b>                      | Қазақ халқының қалыптасуы                                                                                                     |
| <b>Тақырып</b>                    | Қазақ халқының қалыптасу үдерісінің аяқталуы                                                                                  |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.1.1.4 «Қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру                                                                               |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>«Қазақ» этнонимінің мағынасына түсіндірме жасайды</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Білу және түсіну                                                                                                              |

### Тапсырма

«Қазақ» этнонимінің мағынасы туралы ғылыми болжамдарын түсіндіріп, өзіңіздің ойыңызды жазыңыз.

| № | Пікір                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Ежелгі Сібір тайпалары тілінде «қазақ» сөзі «мықты», «берік» деген мағына береді                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 2 | «Қазақ» сөзі көне түрік дәуірінде пайда болып, XIII ғасырда «еркін адамдар» деген мағынада қолданылды.                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 3 | В. Минорский Константин хабарында Казахия деп касогтар айтылатынын дәлелдейді. Араб тарихшысы Әбу-л-Хасан Әли әл-Масуди «Өсиет және қайта қарау кітабі» шығармасында Құбан өзенінің төңірегіндегі тайпалар арасында <i>эл-касакия</i> тайпасын көрсетеді. Неміс шығыстанушысы И. Маркварт бұл екі сөз бір ғана этнос — касогтардың атауын береді деді. |
| 4 | Фин алтайшысы Г. И. Рамстедт және А. А. Семёнов <i>қазақ</i> терминін «Қасиетті жылнамада» (13 ғ.) монғолдың <i>хасаг-терген</i> арба ұғымы бар сөз тіркесінен шығарады. Ал Қазақстанды қоныстаған түркі тайпалар осы қоссөзді пайдаланғанына ешбір тарихи мағлұмат табылмаған.                                                                        |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Дескриптор</b> | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>«Қазақ» этнонимінің мағынасын ғалымдардың пікірлері негізінде түсіндіреді;</li> <li>«Қазақ» этнониміне қатысты ғылыми болжамды қолдайтындығын/қолдамайтындығын анықтайды.</li> </ul> |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                   |                                                                                                                               |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Бөлім</b>                      | Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы                                                                                           |
| <b>Тақырып</b>                    | Қазақ хандығының құрылуы                                                                                                      |
| <b>Оқу мақсаты</b>                | 6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау                                                                       |
| <b>Бағалау критерийі</b>          | <p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын көрсетеді</li> </ul> |
| <b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b> | Жоғары деңгей дағдылары                                                                                                       |

### Тапсырма

Төмендегі ақпаратқа сүйене отырып, қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын салалар бойынша анықтаңыз.

| <i>Саяси</i> | <i>Экономикалық</i> | <i>Әлеуметтік</i> |
|--------------|---------------------|-------------------|
|              |                     |                   |

| Қазақ хандығының құрылуының маңызы |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A                                  | Сасы-Бұқа мен Орыс хан басқарған Ақ Орда мемлекетті қайта жаңғырды                                                                                                                                                                                                                                        |
| B                                  | Дешті Қыпшақ даласындағы қандас ру-тайпалардың арасындағы соғысты тоқтатты                                                                                                                                                                                                                                |
| C                                  | Дешті Қыпшақтан ығысытырылып, Шайбан әулиетінің хандары Мәуеренаһрға барып қоныстанды. Атадан мирас болып келе жатқан жер қайтарылды.                                                                                                                                                                     |
| D                                  | Дешті Қыпшақта бейбітшілік орнады. Қарапайым халық шаруашылықпен айналысты. Малшылар малдарын өсірді. Егіншілер егіс алқаптарын ұлғайтты. Өз өнімдерін Сыр бойы қалаларына әкеліп өткізді. Бұл халықтың тұрмысын жақсартты                                                                                |
| E                                  | Халық саны тез өсе бастады. Халық саны өсуіне екі жағдай ықпал етті: біріншіден, басқа ағайынды жұрттардың келіп қоныстануынан болса, екіншіден, халықтың тұрмысы жақсарып, адамдардың әл-ауқаты арттуына байланысты болды. Мысалы, XV ғасырдың аяғына қарай Қазақ хандығының халық саны - 200 мың адамды |

|   |                                                                                                                                      |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | құрады. Ал XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының халық саны – 1 миллион адамға жетті                                                 |
| Ғ | Қазақ хандығы бірорталықтанған мемлекет болғандықтан, сыртқы саясаты күшейді.                                                        |
| Г | Қазақ хандығы құрылып, көшпелі және отырықшы шаруашылықтар арасында байланыс орнады. Шаруашылық өркендеді, сауда қатынастары дамыды. |
| Н | Қазақ хандығы құрылып, ішкі алауыздық тоқтатылды.                                                                                    |

**Дескриптор**      *Білім алушы*

- Қазақ хандығы құрылуының саяси алғышарттарын анықтайды;
- Қазақ хандығы құрылуының экономикалық маңызын анықтайды;
- Қазақ хандығы құрылуының әлеуметтік маңызын анықтайды.

|                                   |                                                                                                                                        |
|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тақырып</b>                    | Қазақ хандығының құрылуы                                                                                                               |
